



КАЗАЛЫ

№3
(2382)
Сәрсенбі
14 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Өткен жылы Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауымен, аймақ басшысының басшылығымен өңірдегі теміржол вокзалдарына күрделі жөндеу, вокзал аумағын абаттандыру жұмыстары басталған болатын.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Оқу-ағарту министрі Жұдыз Сүлейменова, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары: Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев аудандарға жұмыс сапары барысында Қазалы теміржол вокзалының күрделі жөндеу, аумағын абаттандыру және теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысын көрді.

Аймақ басшысы мен өңірге келген қонақтарға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов теміржол вокзалы аумағында атқарылып жатқан жұмыстар туралы



баяндады.

Қазалы теміржол вокзалындағы күрделі жөндеу жұмыстарын «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржыландыруымен мердігер мекеме «Бақ Береке» ЖШС жүргізуде.

Вокзал ғимаратына соңғы рет 2013 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бүгінде

эскиздік жобаға сәйкес, ғимараттың іргетасы мен қабырғаларын нығайту, шатырын ауыстыру, есік-терезелерді жаңарту, жолаушыларға арналған күту залдарын заманауи талаптарға сай жабдықтау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау, қауіпсіздік жүйелерін орнату сынды жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ,

алдағы уақытта вокзал аумағын көгалдандыру және абаттандыруда ауқымды жұмыстар атқарылатын болады.

Ал, вокзал жанындағы теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысына «Қазақстан Темір жолы» компаниясы тарапынан бұл қаржы бөлініп, бүгінгі таңда көпірдің құрылыс жұмыстары қарқынды

жүргізілуде. Мердігер мекеме - "ҚазТеміржол Engineering" ЖШС.

Аймақ басшысы мен өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген қонақтар қайта жаңғырып жатқан тарихи ғимаратты аралау барысында теміржол вокзалының сырт келбетіне, ондағы жолаушылар мен тұрғындарға жасалған жағдайға қарап өңір имиджі қалыптасатынын жеткізді. Сонымен қатар, вокзал аумағындағы жоспарланған жұмыстарды мерзімінде әрі сапалы аяқтау керектігін айтып, бұл мәселе ұдайы бақылауда болатынын ескертті.

Айта кетейік, теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өткізу – бұл уақыт талабы және стратегиялық маңызды қадам. Бұл жоба көлік қатынасының тиімділігін арттырып қана қоймай, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізетін болады.

АУДАН ӘКІМІ СПОРТ КЕШЕНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында салынып жатқан спорт кешендерінің құрылысы мен Ү.Түктібаев ауылындағы электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарын көрді.


Алдымен Қожабақы ауылына табан тіреген аудан басшысы елді мекендегі «Ауыл - ел бесігі» жобасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылыс жұмыстарының сапасын бақылады. Бүгінде спорт ғимаратының іргетасын, коллонналарын құю және сыртқы қабырғаларының кірпіш қалау жұмыстары аяқталып, ішкі, сыртқы көріз жұмыстары, сыртқы ауыз су желісі жүргізілген. Жалпы құрылыс жұмыстары 60 пайызға орындалған. Спорт кешенінің құрылысы жылға толықтай аяқталып пайдалануға беру жоспарланып отыр. Мердігер

мекеме «Намыс - Құрылыс» ЖШС.

Мұнан кейін Алмасбек Әбілқасымұлы Бекарыстан би ауылында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын көрді. Бүгінде кешеннің ішкі, сыртқы әрлеу және тазалық жұмыстары атқарылуда. Жалпы жоспарланған жұмыстар 95 пайызға аяқталған. Спорт кешенінің құрылысын алдағы ақпан айының ішінде толықтай аяқтап, ел игілігіне пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Аудан басшысы салаға жауапты орынбасары мен екі нысанның құрылысымен айналысып жатқан мердігерлерге спорт кешенінің құрылыс жұмыстарын күнделікті қадағалап, ешқандай кемшіліксіз, сапалы аяқталуын қатаң бақылауды тапсырды.

Аудан әкімі ауылдарды аралағанда аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының



қолдауымен жүзеге асырылып жатқан Ү.Түктібаев ауылындағы электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарын да көрді. Ауылдағы электр желілерін жаңарту жұмыстары наурыз айында толықтай аяқталмақ.

Қазіргі таңда электр желілерін қайта жаңғырту жобасына сәйкес 5 дана трансформатор қондырғысы, 10 кВ әуе желісінің және 0,4 кВ әуе желісінің 600-ден астам темір бетон бағаналары

орнатылды.

Аудан басшысы салаға жауапты орынбасары мен мердігер мекеме «Қызылорда кірпіш зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкіліне ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған жұмыстар сапалы әрі биылдан қалмай аяқталуы қажет екенін ескертті.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Халықтың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу және санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекет үшін де, қоғам үшін де аса маңызды міндет. Сондықтан, осы бағытта ауданымызда жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

2025 жылы ауданның санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы қалай болды? Қандай жұмыстар жүзеге асырылды және алдағы кезеңге қандай міндеттер қойылып отыр? Сондықтан, осы және өзге де сауалдарға Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Майра Ршымбетова жауап берді.

– **Майра Қуантайқызы, әңгімемізді ауданның эпидемиологиялық ахуалынан бастасақ. 2025 жыл қалай қорытындыланды?**

– 2025 жылы Қазалы ауданында эпидемиологиялық жағдай тұрақты болды. Ең бастысы – аса қауіпті жұқпалы аурулар, атап айтқанда оба, құтырма, сібір жарасы тіркелген жоқ. Бұл – алдын алу және бақылау шараларының жүйелі жүргізілгенінің нәтижесі.

Сонымен қатар, жедел респираторлы вирусты инфекцияның 9279 жағдайы тіркелсе, тұмаудың 2, желшешектің 19, алғаш анықталған туберкулездің 36 жағдайы анықталды. Қызылша, скарлатина, ішек жұқпалары, дерматомикоз, педикулез сияқты бірқатар аурулар да есепке алынды. Барлық тіркелген ауру ошақтарында эпидемиологиялық зерттеу жүргізіліп, аурудың таралуын болдырмау мақсатында қажетті профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды.

– **Тұрғындарды кене шағуы мен жануарлардан жарақат алу жағдайлары бойынша қандай жұмыстар атқарылды?**

– 2025 жылы кене шағуына байланысты 42 адам медициналық көмекке жүгінді,



олардың барлығы бақылауға алынды. Сондай-ақ, жануарлардан жарақат алған 143 адам тіркеліп, барлығы құтырмаға қарсы вакцинациямен қамтылды. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде.

– **Мемлекеттік қызмет көрсету саласында қандай нәтижелер бар?**

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына сәйкес, басқарма санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласында мемлекеттік қызметтерді толық көлемде көрсетіп келеді. 2025 жылы Е-лицензия ақпараттық жүйесі арқылы 151 нысанның өтініші қаралды. Оның ішінде 129 нысанға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беріліп, 22 нысанға заң талаптарына сәйкес дәлелді бас тарту ұсынылды.

Сондай-ақ, жобалық құжаттама бойынша 29 өтініш қабылданып, оның біреуі талаптарға сай болмауына байланысты кері қайтарылды. Е-өтініш жүйесі арқылы түскен 40 жолданымның 20-сы оң шешімін тапты. Алдағы уақытта әрбір арыз-шағымды жан-жақты зерделеу арқылы оң шешімдер үлесін арттыруды көздеп отырымыз.

– **Профилактикалық бақылау бағытындағы жұмыстарға тоқталып өтсеңіз?**

– 2025 жылы басқарма тарапынан 451 объектіге бармай профилактикалық бақылау жүргізілді. Оның ішінде эпидемиологиялық маңызы жоғары 274 нысан, маңызы болмашы 177 нысан қамтылды.

Бақылау нәтижесінде 158 нысанға бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыным беріліп, 4 нысанға тексеру жүргізілді. Ұсынымдарды орындамаған 2 нысанға жедел ден қою шаралары қолданылып, сот арқылы 550 мың теңгеден астам айыппұл өндірілді.

– **Санитариялық-эпидемиологиялық тексерулердің қортындысы қандай?**

– 2025 жылы 68 нысанға тексеру жүргізілді. Оның ішінде жошпардан тыс 35 тексеру болды. Нәтижесінде 40 жеке және заңды тұлғаға әкімшілік хаттама толтырылып, жалпы сомасы 5,3 миллион теңгеден астам айыппұл салынды.

– **Тағам қауіпсіздігіне қатысты қандай жұмыстар атқарылды?**

– Тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 163 сынама сатып алынып, оның 28-інен сәйкессіздік анықталды. Көбіне таңбалану талаптарының сақталмауы тіркелді. Төрт өнімнен тыйым салынған тағамдық бояғыштар анықталды. Сәйкес емес өнімдер сөрелерден алынып тасталып, бір кәсіпкерге 45 айлық есептік

көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

– **Қоршаған ортаның қауіпсіздігі бойынша зертханалық бақылау қалай жүргізілді?**

– Ауыз су, ауа, топырақ және радиациялық қауіпсіздік бойынша кең көлемде зертханалық мониторинг жүргізілді. Ауыз судың жекелеген сынамаларынан ғана сәйкессіздік анықталды, ал атмосфералық ауа, шу, діріл, электромагниттік өріс көрсеткіштері талаптарға сай болды. Радиологиялық зерттеулерде де ауытқулар тіркелген жоқ.

– **Санитариялық-ағарту жұмыстары туралы не айтасыз?**

– Халық арасында алдын алу шараларын түсіндіру – біздің жұмысымыздың маңызды бағыты. 2025 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында 80 мақала жарияланып, 10 брифинг өткізілді. Мектептерде, мекемелерде, өндіріс орындарында жүздеген лекция, семинар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер мен мыңдаған ақпараттық посттар жарияланды.

– **2026 жылға қандай міндеттер қойылып отыр?**

– Алдағы жылы негізгі басымдық – жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу, вакцинамен басқарылатын аурулар бойынша иммундау сапасын арттыру, тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаға тұрақты зертханалық мониторинг жүргізу.

Басқарма мамандары аудан тұрғындарының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жолында алдағы уақытта да аянбай еңбек ететін болады.

– **Әңгімелескеніңізге рахмет! Еңбектеріңіз еселене берсін!**

Әңгімелескен
Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР, СУ АЙДЫНДАРЫНДА МҰЗ БЕТІМЕН ЖҮРУ ҚАУІПТІ!



Құрметті аудан тұрғындары!

Қыс маусымының басында өзен-көлдердің бетінде жұқа мұз қатқандай болады. Көпшілік мұны берік деп ойлап, мұз үстіне шығуға асығады. Алайда дәл осы кезде мұз өте қауіпті – ол адамның салмағын көтермей, опырылып кетуі мүмкін.

Қыс мезгілінде су айдындарында мұз бетімен жүру өте қауіпті. Көп жағдайларда тұрғындар мұздың қалыңдығын,

ауа райының жағдайын ескермей, өздерінің өміріне қауіпті екенін сезінбей жатады. Әсіресе, су жағасына жақын қоныстанған елді мекендердің азаматтары, оның ішінде балықшылар кез келген жерлермен жаяу немесе жүк тиелген көліктермен мұз үстімен өтуде.

Мұздағы қауіпсіздік ережелерін сақтамай, кейбір тұрғындардың тура жол ретінде мұз бетімен автокөлікпен зат тасымалдауы құтқарушыларды

алаңдататыны сөзсіз.

Қазіргі таңда, мұздың әлі де жұқа екендігі белгілі. Сондықтан, су айдындарында жүру аса қауіпті.

Қыс мезгілінде су айдындарында абай болуға, жұқа мұзға шықпай, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажет.

«Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БАСПАСӨЗДІҢ БИІК ҰСТАП БАЙРАҒЫН

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне арнаймын.

Аты мәшһүр газет "Тұран-Қазалы",
Алаламай тек шындықты жазады.

Қолдарынан түсірмейді, оқиды,
Қайда жүрсе Қазалының қазағы.
Баспасөздің биік ұстап байрағын,
Мадақтайтын адамы мен ауыл-аймағын.

Үнжарғысы ұлы елдің болғайсың,
Шырылдаған шындық пенен айғағын.

Бұқара мен билік деген көрші елдің,

Арасына араласар елші едің.

Бес мың адам жиып алыпсың жаныңа,

Достығына кіре алмадым мен сенің.

Қапаланып, күдер үзіп кетпедім,

Жоқ өзіңе жұрнағы да өкпемнің.

Жағың талмай жырлап әркез жаза бер,

Қазалының кәзіргісін-өткенін.

Арда туған Әлмәмбеттің көзін,

Көзі емес-ау, сындарлы айтқан сөзің.

Сенің жазған мақалаңды мой-

ындап,

Әкімдер де түзететін әр ісін.

Айбарлы бол, баспасөз сен айнасың,

Айна ешқашан ойламайды пайдасын.

Қалай барсың көрсетеді солай қып,

Айнадан кім асырады айласын?

Келіп-кетіп ауысады Әкімдер,

Орынды сынды орнықты Әкім мақұл дер.

Әкім де елдің бір баласы білсеңіз,

Әділ болса Әйтекенің бағын бер!

Күтіп ұстап киелілердің мазарын,

Көркейе бер, керуен сарай Қазалым!

Жүрсем де жырақ жүрегіммен біргемін,

Көкірегімді күмбірлетіп жаза-мын.

Қазыналы халқым, сендерменен біргемін,

Уығыңмын керегең мен іргеңнің.

Сондықтан да сүйікті менің газетім,

Талабыңа тілектес болып жүргенім.

Тимур ШОЛАН

БАСПАНАЛЫ БОЛДЫҚ

Ескі жылға алғысым шексіз. Өйткені, отбасымыздың арманы баспаналы болу еді. Жаңа, жылқы жылы қарсаңында, алты жылдан бері үй кезегінде тұрып, Қызылорда облысы әкімінің өз қолынан баспана кілтіне қол жеткіздік. Үйлі болғанымызға Аяулым, Таңшолпан, Әлібек, Айзере, Бибіпатима, Айлуна есімді ұл-қыздарымыздың қуанышында шек жоқ.

«Күміс алқа» иегерімін. Жолдасым Махамбетов Асхат ұсақ кәсіп істеп, өзім үйде тігін тігумен айналысамын. Қыз жасауын, көрпе, перде, түрлі киімдер тігемін. Адамның арманы таусылған ба? Жаңа жылда жолдасым жұмысқа тұрса, өзім кәсіп ашу үшін грант иеленсем деп армандаймыз.

Үйлі болғанымыз үшін ел азаматтарына алғысымыз шексіз. Еліміз аман, аспанымыз ашық, халқымыз тоқшылықта өмір кешіп, баршамыздың арман-мақсаттарымыздың орындала беруіне тілектеспіз!

**Салтанат МАХАМБЕТОВА,
Әйтеке би кенті**

•Еске алу

АДАЛ АЗАМАТ, АРДАҚТЫ ӘКЕ

Жұмыр басты пенденің ғұмырында әрбір кезеңнің кемел күйі, тағдыр салған соқпақта сан тарау сәулелі сәттері бар. Жылыстап кете беретін, тоқтаусыз ағынмен ілесіп жатқан дәуір-дүрмекте асыл әкеміздің жарқын бейнесі мәңгілік жүрек түкпірімізде тұрады.

Бұл жолдарды жазу мен үшін жай ғана естелік емес, әкемнің ғибратты ғұмырына деген құрмет пен перзенттік парыз деуге болады. Себебі, балалық шағымның ең жарық сәттері, үйіміздегі жылылық пен тәртіп, бәрі-бәрі әкем – Сары Тойбазардың бейнесімен аста-сып жатады. Уақыт өткен сайын оның әр сөзі, әр ісі маған бұрынғыдан да терең мағына беріп, сағыныш сезімін оятады.

Әкем – Сары Тойбазар 1945 жылдың 1 шілдесінде Қазалы ауданы, «Сарытөбе» аулында дүниеге келген. Ардақты әкеміздің өмір жолы – адал еңбекпен, жауапкершілікпен және елге қызмет етумен өрілді десек артық айтпаған болармыз.

Әкем соғыстан кейінгі қиын кезеңде өсіп, еңбекке ерте араласқанын өзі көп айта бермейтін. Өмір жолына көз жүгіртсем, оның әрбір қадамы төзім мен табандылықтан тұрғанын аңғарамын. 1952 жылы мектепке алғаш барған сәтінен бастап, білім мен тәртіпті өмірінің басты қағидасына айналдырғаны анық сезіледі.

Мектеп бітірген соң, Жанақазалыдағы училищеде тепловоз жүргізушісі мамандығын алып, теміржол саласында еңбек етуі – әкемнің

маңдай термен шындалған жастық шағының бір белесі еді. Кейін Түркістан мен Қазалы локомотивтерінде атқарған қызметтері туралы естеліктері әлі күнге дейін құлағымда. «Қандай жұмыс істесең де, жауапкершілікпен істе, адал іс адамды биікке шығарады», - деп отыратын ғибрат сөзі сол жылдардың сабағы болса керек.

Бір сәтке өткенге тағы да шегінсем, әкемнің білімге



деген ынтасы көз алдыма келеді. Гурьев қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, кейін туған жерге оралуы – оның отбасы мен елді бәрінен биік қойғанын аңғартады. Сол кездері ауыл өмірінің қайнаған ортасында жүріп, комсомол жұмысына араласты, мектепте мұғалім болды. Бұл әкемнің тек еңбек адамы ғана емес, елдің ертеңіне

алаңдаған азамат болғанының белгісі.

1990 жылдардың ортасы ел үшін де, ауыл үшін де ең бір алмағайып кезең еді. Сол жылдары әкемнің мойнына артылған жауапкершілік бұрынғыдан да ауырлай түскенін кейін барып ұғындым. 1994 жылы орталық қойманың меңгерушісі болып тағайындалғанда, ол бұл қызметті жай лауазым емес, халықтың ырысы мен несібесіне аманат ретінде қабылдады. Қоймадағы дән, әрбір құрал оның көз алдында есеппен, ұқыптылықпен сақталатын.

1997 жылы Қожабақы өндірістік кооперативі жекешеленіп, «Әділет» шаруа қожалығы құрылған тұста да әкем сол сенімнен айныған жоқ. Тағы да қойма меңгерушісі ретінде жұмысын жалғастырып, өтпелі кезеңнің қиындықтарына қарамастан шаруашылықтың тұралап қалмауына бар күшін салды.

2002 жылдан бастап «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде қойма меңгерушісі болып еңбек етті. Бұл жылдар оның өміріндегі ең толысқан, тәжірибесі мен сабыры қатар жүрген кезеңі еді.

Әкем ауыл шаруашылығы саласына бар ғұмырының 36 жылын арнады. Бұл – бір әулетті асыраған, бір ауылдың тіршілігіне қызмет еткен мағыналы еңбек жолы. 2009 жылы зейнеткерлікке шыққанда, артындағы атқарған ісіне ұялмай қарайтын, еңбегімен ел құрметіне бөленген азамат ретінде абыроймен ат-

танды.

Мен үшін әкемді сағынышпен еске алатын сәттер – оның тәрбиесімен, айтқан өсиеттерімен өріледі. Ол бізді адалдыққа, шыншылдыққа, маңдай термен күн көруге үйретті. «Адамды адам ететін – ең алдымен оның ниеті» деуші еді. Қазір сол сөздердің әрқайсысы жүрегімде жаңғырып тұрғандай.

Әкем мен анам Қаракөз екеуі 10 баланы өсіріп, жеткізді. Үйіміз әрдайым у-шу, базарлы өмірге толы болатын. Бүгінде қасиетті шаңырақта әкемнің ізі, оның мейірімі мен қаталдығы аралас тәрбиесі сезіліп тұрады. Немерелерін бауырына басып отырған сәттерін еске алсам, жүрегімді жылы сағыныш кернейді.

Уақыт кері айналмайды, бірақ әкенің артында қалған өнегелі ізі ешқашан өшпейді. Әкемнің ғибратты ғұмыры – біз, оның балалары үшін өмір бойы бағдар болатын темірқазық. Ол бізге байлықты емес, адалдықты, атақты емес, абыройды аманат етті. Сол аманат бүгін әрқайсымыздың жүрегімізде сақтаулы.

Бүгінде артында қалған ұрпағы әкемнің рухына әрдайым құран бағыштап, оның адал еңбегін, таза ниетін еске алады.

Әкемнің ғұмыры өткен күннің естелігі ғана емес, бүгінгі және келер ұрпаққа жол көрсететін өнеге. Ол салған сара жол, қалдырған ізгі ізі бізбен бірге жалғасып, ұрпағымен мәңгі жасай береді.

Оңталап ТОЙБАЗАРҰЛЫ

МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ІС-ҚИМЫЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қыс мезгілінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында көптеген іс-шараларды атқаруда. Дегенмен, азаматтардың қарлы-боранды күндері балық аулап, мал іздеу кезінде адасып кететіндері, мұз үстінен өту кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдары және тағы да басқа жағдайлардың орыналуы азаяр емес. Қыс мезгілі басталғаннан бері облыс бойынша су айдындарындағы мұз үстінен жаяу өтіп, немесе автокөлікпен жүру кезінде қауіпсіздікті сақтамау салдарынан адамдардың суға кеткен жағдайлары, мұз үстінен балықшылардың балық аулауы кезінде жоғалуы, далалық жерде адасу фактілері жиі орын алуда.

Сондықтан, мұз үстінде сақ болғанда ғана, Сіз өз өміріңізді сақтайсыз! Мұқият және абай болу кез-келген күтпеген жағдайда оңтайлы шешім қабылдауға көмегің тигізеді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу, және сақтану мақсатында Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі төмендегі қауіпсіздік ережелерін ұсынады:

- Жұқа мұз, қатпаған өзен, көл, канал, арықтар мен су қоймаларында мұз үстіне шықпаңыз;
- мұз жүрген кезде мұз үстімен қайықпен суда жүрмеңіз;
- мұз өткелдерінде аса сақ болыңыз, ескерту қалқандары мен хабарландыруларды мұқият оқып жүріңіз;
- мұз жүрген кезде жағалау жанында балалардың ойнауына жол бермеңіз.
- жоғарыдағы қауіпсіздік шаралары жайлы балаларға үнемі ескертіңіздер.

Егер, аяқ астыңыздағы мұз опырылып түсіп, айналаңызда ешкім болмаса – дүрбелең салмай, екі қолды екі жаққа жайып, мұз ернеуіне тіреліңіз, және арқаңыз немесе ішіңізге баяу жатыңыз, қатты мұздың үстіне шығып, келген жаққа бағыт алыңыз.

Егер, өзіңіз біреуге қол ұшын берсеңіз, онда міндетті түрде зардап шеккен адамды судан шығару үшін таяқ, белдік, шарф және тағы басқа беріңіз. Соңынан, зардап шеккен адамды жылы жайға апарып, құрғатып, киім-кешектерін ауыстырып, ыстық шәй беру қажет. Қажет болса, емдеу мекемесіне жеткізу керек.

Қыс мезгілінде мұз үстінде жүру кезінде абай болыңыз! Өз өміріңізді қауіп-қатерге тікпеңіз!

Егер, Сіз, апат, жазатайым оқиғаның куәгері немесе өзіңіз қиын жағдайға душар болсаңыз, «101» немесе «112» шұғыл қызметтерді шақырудың бірыңғай нөміріне дереу қоңырау шалыңыз. Қоңыраулар кез келген байланыс құралдары арқылы (телефон, ұялы телефон) тәулік бойы және тегін қабылданады.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға байланысты қылмыстардың алдын-алу мақсатында адам саудасына қарсы күрес жөніндегі республикалық қызу желісі - «11616», «8-8000-8000-15» және «150» балалар мен жастарға арналған сенім телефоны;




АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ҮШІН:

- ✓ өз құжаттарыңызды ешкімге бермеңіз;
- ✓ күмәнді адамдарға және олардың жұмыс орналастыру туралы ұсыныстарына сенбеңіз;
- ✓ жұмыс беруші туралы мүмкіндігінше көбірек біліп, еңбек шартын мұқият оқып шығыңыз;
- ✓ басқа қалаға немесе елге шыққан кезде жақындарыңызға орналасқан жеріңіз және сіз баратын адамдардың/ұйымдардың координаттары туралы ақпаратты қалдырыңыз.

**ЕГЕР КҮДІКТІ БІРДЕҢЕ БАЙҚАСАҢЫЗ,
102 ТЕЛЕФОНЫНА НЕМЕСЕ
11616 ШҰҒЫЛ ЖЕЛІСІНЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.**

**САҚ БОЛЫҢЫЗ,
АЛДАНБАҢЫЗ!**

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы.

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жетелгенде, т ү ш к і р г е н д е , сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол ормалы, кітабы, есік тұтқасы және тағы басқа) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, денесі түршігіп, бас және бұлшық еттері ауырады, жалпы әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал, екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі- тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жастан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және меди-

цина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар, науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқас қа күтім жүргізгенде маска тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдаланды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Өздеріңізге жақын адамдарға қауіп тудырмаңыз. Ауырып тұрсаңыздар балалары, екіқабат әйелдері, қарт кісілері бар үйлерге, көпшілік жиналатын орындарға бармауға тырысыңыз.

Сырқаттанушылықтың кезеңінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарында, мектептерде, мектеп-интернаттарында тұмаумен ауырған балалар мен қызметкерлері арасында бақылауды күшейтіп, оқшаулау және балабақшаларда таңертеңгілік балалардың мұрын – жұтқыншақ аймағын қарап, дене қызуын өлшеп, ауырған балалар мен ересектерді дереу оқшаулауды қамтамасыз етіп, ойын-сауық және көпшілік іс шараларды шектеп, сынып бөлмелерін әр сабақтан кейін желдету және күнделікті ылғалды тазалық жұмыстарының сапасын және жиілігін арттыруы қадағалануы тиіс.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде үйде қалып, дереу дәрігер шақыртыңыз.

**Гүлзат
ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бөлім басшысы**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.